



Көкшетау қалалық мәслихатының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № С-30/11 " Көкшетау қаласының жекелеген санаттардағы мұқтаж азаматтарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2012 жылғы 20 маусымдағы № С-6/7 шешімі. Ақмола облысы Көкшетау қаласының Әділет басқармасында 2012 жылғы 16 шілдеде № 1-1-179 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2013 жылғы 23 сәуірдегі № С-16/16 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 23.04.2013 № С-16/16 шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік Кодексінің 56 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, Көкшетау қалалық мәслихаты

Ш Е Ш І М

Е Т Т І :

1. Көкшетау қалалық мәслихатының «Көкшетау қаласының жекелеген санаттардағы мұқтаж азаматтарына әлеуметтік көмек көрсету туралы» 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № С-30/11 (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-1-113 тіркелген, 2009 жылғы 24 желтоқсандағы «Көкшетау» газетінде және 2009 жылғы 24 желтоқсандағы «Степной маяк» газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

1 тармақтың 9 тармақшасы жаңа редакцияда баяндалсын:

«9) мереке күндері қарсаңында әлеуметтік көмек жиынтық тізілімінің негізінде осы тармақшада көрсетілген адамдарға қаржыны өтінішсіз-ақ, олардың есеп шотына аудару жолымен жүзеге асырылады:

9 Мамыр Жеңіс күніне орай:

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне - 15000 теңге;
фашистік лагерьлерде болған кәмелетке толмаған тұтқындарға – 3000 теңге;

блокадалық Ленинград тұрғындарына - 3000 теңге;

Ұлы Отан соғысы мүгедектерінің жесірлеріне - 3000 теңге;

марапатталған тыл еңбеккерлеріне - 7000 теңге;

соғыс жылдары алты және одан да көп ай жұмыс істеген тыл еңбеккерлеріне -

5 0 0 0 т е ң г е ;

балаларды қорғау Күніне 18 жасқа дейінгі мүгедек балаларға - 3000 теңге;

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері 85, 90 және одан да жоғары жасқа толған мерейтой иелеріне біржолғы - 5 000 теңге;

90 жасқа толған зейнеткерлерге - 50 000 теңге;

100 жасқа толған зейнеткерлерге - 100 000 теңге;

Чернобыль атом электро-станциясындағы апатты жоюға қатысушылар мен мүгедектерді еске алу күніне орай - 5 000 теңге;

Интернационалист жауынгерлерге Ауғанстаннан әскерді шығарған күнге о р а й - 5 0 0 0 т е ң г е ;

8 Наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай «Батыр ана» атағы бар «Алтын Алқа», «Күміс Алқа» алқаларымен марапатталған көп балалы аналарға – 5 000 т е ң г е ;

Зейнетақы мөлшері ең төмен зейнеткерлерге 1 қазан қарт адамдар күніне о р а й – 2 0 0 0 т е ң г е . » .

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

	<i>Б е с і н ш і</i>	<i>ш а қ ы р ы л ғ а н</i>
	<i>К ө к ш е т а у қ а л а л ы қ</i>	<i>м ә с л и х а т ы н ы ң</i>
<i>6 сессияның төрағасы</i>	<i>Б.Ғайса</i>	
	<i>Б е с і н ш і</i>	<i>ш а қ ы р ы л ғ а н</i>
	<i>К ө к ш е т а у</i>	<i>қ а л а л ы қ</i>
<i>мәслихатының хатшысы</i>	<i>Б.Бегалин</i>	
<i>«КЕЛІСІЛДІ»</i>		
<i>Көкшетау қаласының әкімі</i>	<i>М.Батырханов</i>	